

## ЭЛЕМДІК КЕНІСТІККЕ КӨЗ ТІГЕМІЗ

## AUEZOV UNIVERSITY – алдыңғы лекте

**Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған қара шаңырақ, еліміздегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі болып саналады. 80 жылдық тарихы бар білім және ғылым ордасы бүгінгі күні биік тұғырдан көрініп келеді.**

Аталмыш жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыстары Қазақстан Республикасын инновациялық-индустриялық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытуға бағытталған. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біріккен ұлт. Өркендеген қоғам» атты Жолдауында, қолжетімді және сапалы білім беру, оның ішінде сапалы жоғары білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету мәселелеріне тоқтала отырып, «...жоғары білім саласындағы реформаларды жалғастыру қажет...» екендігін атап өтті.

Қазіргі таңдағы жастар мен болашақ жоғары оқу орны түлектері әлемдік білім қойнауына қол жеткізді және білім, ғылым және экономикалық бәсекеге қабілетті мықты мемлекетті құруда, алған іс-тәжірибелерін қолдану үшін барлық жағдайлар жасалуда. Бұл – әлемдік талаптарға сай жаңа көзқарас, инновациялық жобалар, үздік шығармашылық жұмыстар және заманға сай өнертапқыштық идеялар. Біздің оқу орнымыз да сол биік үдеден шығуға ұмтылады.

Университет Қазақстан Республикасының үздік жоғары оқу орындары Ұлттық рейтингінде тұрақты түрде 3-ші орынды иеленіп келеді. QS нұсқасы бойынша әлемнің TOP 450 үздік университеттерінің қатарына кіреді. Позициялардың өсуіне халықаралық байланыстардың кеңеюі, бәсекелес университеттерге қатысты шетелдік студенттердің жоғары пайызы ықпал етеді, бұл университет тартымдылығының жоғары деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, UI Green Metric World University Rankings рейтингінде қатыса отырып, 2021 жылы шаңырағымыз «жасыл» университетті дамытуға өзінің шын ықыласын көрсетіп, әлемде 333-ші орынға ие болып, TOP 350-ге өнді.

Ал, әлемдік Rank Pro (пәндер бойынша) рейтингте университетіміз келесі пәндер бойынша Қазақстанның жалғыз өкілі болып табылады: Биология ғылымдары – TOP 351-400; Химия ғылымдары – TOP 301-350; Техника және технология – TOP 351-400; Математика – TOP 351-400. Соңғы 10 жыл ішінде университет рейтингі 6 есе өсті. Биылғы университет Faculty Student жаһандық индикаторы бойынша 80-ші орынды иеленіп, көптеген танымал шетелдік университеттердің алдында тұр.

**Тарихқа көз жүгіртсек:** Ұлы Отан соғысының қайнаған кезінде, 1943 жылы маусымның 19-ында КСРО Халық комиссарлары Кеңесінің №679 қаулысымен Халком Кеңесінің өкілеттігіндегі КСРО құрылыс материалдары Халкомына және жоғары мектеп жұмыстары бойынша Бүкілодақтық Комитетке Құрылыс материалдары Технологиялық институтын ұйымдастыру рұқсаты берілді.



Сол жылы маусымның 29-ында жоғары мектеп жұмыстары жөніндегі КСРО Халкомы және КСРО құрылыс материалдарын өндіру комиссарының «Қазақ КСР-і Чимкент қаласында құрылыс материалдары технологиялық институтын ұйымдастыру жөнінде» бірлескен бұйрығы шықты. Ал, маусымның 24-інде Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті мен облыстық коммунистік большевиктер партиясы комитеті №274/336 бірлескен шешімімен Советская көшесіндегі 3 қабатты №40 үйде орналасқан педучилище ғимаратын институтқа тапсырған еді.

КСРО құрылыс материалдары Халком Кеңесі және КСРО Халком Кеңесіне қарасты жоғары мектеп жұмыстары жөніндегі Бүкілодақтық Комитет 1943-1944 оқу жылына 150 адам қабылдау туралы жоспарын бекітті. Институтты ашу Қазақстан және Орта Азия Республикаларын, Сібір мен Қиыр Шығыста құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдары өндірісінің дамуын инженер кадрлармен қамтамасыз ету қажеттілігінен туды.

Жаңа ашылған жоғары оқу орнында екі факультет болды: технологиялық – «Силикаттар технологиясы (шыны, керамика, тоқыма)» мамандығы бойынша; тау-кен – «Кенсіз қазбаларды өндіру және пайдалану» мамандығы бойынша. Іле-шала қоғамдық ғылымдар, математика, механика, физика, химия, графика, минералогия және кристаллография кафедралары ашылды. Институт ашылған жылы 18 оқытушы жұмыс істеді, олардың 2-еуі – профессор, 5-еуі доцент болды.

1957 жылы Құрылыс материалдары технологиялық институты «Қазақ технологиялық институты» деп атауы өзгертілді. Ал, 1964 жылы институт «Қазақ химия технологиялық институты» деп қайта өзгертілді. 1996 жылғы мамырдың 7-сінде ҚР үкіметінің №573 қаулысымен Қазақ химия-технологиялық институты Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті болып қайта құрылды. 1998 жылғы №256 қаулысына сәйкес университет М.Әуезов атындағы ОҚҒИ мен біріктірілудің негізінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болды.

**Заман талабына сай шыңдалған өлеует.** Қазіргі таңда университетте ғылыми-педагогикалық қызметпен 1322 оқытушы айналысады, оның ішінде, 75 доктор, 452 ғылым кандидаты, 72 PhD докторы, 16 академик және 15 әртүрлі академиялардың корреспондент мүше-

лері, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 82 түлегі, 300-ден астам «Жоғары оқу орнының үздік оқытушылары», университеттің 8 үздік ғалымы – ғылым саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары.

Университетіміздің ғылыми-инновациялық қызметі өңір мен жалпы республиканың инновациялық-индустриалды және әлеуметтік-экономикалық дамуын ғылыми қамтамасыз етуге бағытталған. Заманауи ғылыми-білім беру ортасын қалыптастыру үшін ғылым, білім және инновацияның тығыз интеграциясы негізінде жоғары білікті кадрлар дайындалуда.

14 факультеттің күндізгі және қашықтан оқыту бөлімдерінде 24 мың 247 студент экономиканың түрлі салаларын қамтитын 300-ден аса білім бағдарламалары бойынша тәлім алуда. Атап айтар болсақ: химиялық технологиялар, инженерия, өнеркәсіп, көлік, құрылыс, құрылыс материалдарының өнеркәсібі, жеңіл және тамақ индустриясы, ауыл шаруашылық, мәдениет, туризм қызметі, педагогикалық мамандықтар, әлеуметтік-экономикалық бағыттар, заң және тағы да басқалар.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтында магистратура бағытында 1787, ал PhD докторантурада 192 жас ғалымдар даярлануда. Университетте 7 мамандық бойынша 4 PhD докторлық диссертация қорғау кеңесі қызмет атқаруда. Отандық және шетелдік аккредиттеу ұйымдары берген бағалары университеттің білім бері бағдарламаларының жоғары сапасының бірден-бір көрсеткіші. Қазіргі уақытта ASIIN неміс агенттігі мен қазақстандық IQAA агенттігінде 217 білім беру бағдарламасы аккредиттелген, оның 116-сы бакалавриат, 85-і магистратура және 16-сы PhD докторантура бағдарламалары.

Университет 2008 жылдан бастап Қазақстандағы бірінші болып инженерия, жаратылыстану ғылымдары, математика және IT саласындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеуде жалпыға танылған әлемдік көшбасшы ASIIN-мен ынтымақтасуда. Бірақтар бағдарламалардың ASIIN-де үшінші аккредитациялары бар, бұл олардың тұрақты жоғары сапасын көрсетеді: 2009 жылдан бастап 4 бағдарлама химия саласындағы ең үздік білім беру бағдарламаларына берілетін, ECTN Химия бойынша Еуропаның тақырыптық желі қауымдастығының Eurobachelor@ сапа белгісінің тұрақты иегерлері болып келеді.

**Білім мен ғылымның ұштасуы.** Университеттің 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық бағыттары қызметтерінің миссиясы – әлемдік ғылым және білім беру қауымдастығында интеграциялану. Болон процесінің принциптері негізінде университет білім, ғылым және тәрбие қызметтерін тиімді түрде жүзеге асыруда. Инновациялық бөлімдерді, ғылыми-өндірістік кәсіпорындарды және басқа да ұйымдарды ғылыми процеске тарту арқылы университет ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың жаңа деңгейіне шықты.

Осылайша оқу процесі ғылыми зерттеулер, конструкторлық және технология, қаржылық экономикалық және өндірістік жұмыстармен тікелей байланысқан. Осы орайда, ғылыми зерттеулерді басқару жүйесі өлеулі түрде жаңғыртылды және де зерттеушілерге тәжірибелік өнеркәсіптік сынақтарға ғылыми нәтижелерді жеткізуге көмектесетін заманауи инновациялық инфрақұрылым жасалды. Жаңадан 5 департамент ұйымдастырылды: Академиялық ғылым департаменті, Ғылыми жобаларды дайындау және қолдау департаменті, Кәсіпкерлік және коммерцияландыру департаменті, Ғылыми зерттеулер департаменті және Сынақ зертханалары департаменті. Аналитикалық қолдауды «Құрылымдық және биохимиялық материалдар» аймақтық инженерлік профилі зертханасы, сондай-ақ «SAPA» сынақ орталығы жүзеге асырады.

Университет заманауи материалдық-техникалық базаға ие. Ғылыммен белсенді айналысатын ұстаздар үшін барлық қажетті жағдай жасалған. Зерттеу жұмыстары 110 оқу-ғылыми, 17 ғылыми-зерттеу зертханалары мен 6 ғылыми орталықтарда жүргізіледі. Университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстары 97 тақырып бойынша орындалады: химия және мұнай химия технологиясы; биология және биотехнология; көмірсүтек шикізаттары қайта өңдеу; химия-металлургиялық процестердің технологиясы; құрылыс материалдары және құрылыс өндірісі; нанотехнология және наноматериалдар; қолданбалы математика және механика; машина жасау; энергияның балама көздері және дәстүрлі емес технологиялар; агротехнология; жеңіл және тамақ өнеркәсібі; қоршаған ортаны қорғау және геоэкология; ақпараттық технологиялар; гуманитарлық және әлеуметтік-педагогикалық зерттеулер.

Университет бүгінде Қазақстан Республикасының 16 ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз байланыста жұмыс атқарады, оның 9-ы Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне қарасты. Өзінің Үшінші миссиясын жүзеге асыру шеңберінде университет жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыста жұмыс атқарады. Еліміздегі кәсіпорындардың және Түркістан облысы мен Шымкент қаласының жетекші аумақтық өндірістік кластерлерінің, оның ішінде университеттің негізгі стратегиялық серіктестерінің тапсырыстары бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, инженерлік-технологиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілуде.

Өңірде 2025 жылға дейін экономиканы әртарапандыру есебінен экспорт пен бюджет түсімдерінің ұлғаюы қамтамасыз етіледі, оның ішінде Шымкентте мұнай мен газды терең өңдеу және химия өнімдерін шығаратын 5 зауыт өнімінің экспортын 9 есеге ұлғайту арқылы қол жеткізіледі. Сондықтан, оқу орнының зерттеу университеті үлгісіне көшуімен заманауи ғылыми-зерттеу экожүйесі – инжинирингтік орталықтар қалыптасады; сондай-ақ өнеркәсіпке қажетті инженерия мен технологияның негізгі бағыттары бойынша ғылыми орталықтар (зертханалар) дамиды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 2022 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 540 млн. аса теңгеге 50 жоба жүзеге асырылды. Әуезов университетінің шетелдік сарапшылардың қатысуымен халықаралық жобаларды жүзеге асыруда айтарлықтай тәжірибесі бар. Бүгінгі таңда ERASMUS+ бағдарламасы бойынша 4 жоба жүзеге асырылуда. Университет жүзеге асыратын халықаралық жобалардың ғылыми жобаларға 19 өлден 300-ден астам шетелдік ғалымдар қатысады.

Университеттің ғылыми-зерттеу жоғары оқу орнына айналуына ықпал ететін бизнес ортамен интеграцияланған ғылымды дамытудың жаңа үлгісін енгізетін «Pae Kwon Chung атындағы жаңа климаттық экономика орталығы» құрылды. Онда Орталық Азия елдерінің жаңа климаттық экономикасы бағдарламасы әзірленеді, тұрақты даму қағидаттарын жүзеге асыру үшін үкіметтермен, халықаралық ұйымдармен және бизнес субъектілермен өзара іс-қимыл жүзеге асырылады. Барлық жетістіктер білім беру қызметтері нарығын жаһандандыруға, студенттердің географиясын кеңейтуге, білім сапасын арттыруға және университет ғылымын дамытуға бағытталған Университет стратегиясын жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады.

Жалпы, аталмыш университет Ғылыми-зерттеу университеті күштік спираль» моделі бойынша ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып, кәсіпкерліктің технологиялары мен жаңа түрлерін тудыратын орталыққа айналуы көзделді. Сонымен бірге, оқу орнының, бизнестің және мемлекеттің инновациялық күш-жігерін біріктіру – университеттің байланыстырушы рөлімен қамтамасыз етіледі. Осылайша, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті оңтүстік өңірде жаңа позицияны қамтамасыз ететін экономикалық дамудың драйверіне және бәсекеге қабілеттілікті өсірудің заманауи платформасына айналады.